



2019-2025 жылдарға арналған «Архив-2025» мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ



Ұлттық архив қорын қалыптастыру

Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры – тарихи, ғылыми, әлеуметтік, экономикалық, саяси немесе мәдени маңызы бар мемлекеттік және мемлекеттік емес архив қорларының, коллекциялардың және архивтік құжаттардың жиынтығы

Архив саласын басқару

Тәуелсіздік алған уақыттан бастап елдің архив саласын басқару органы бағыныштылықтың әкімшілік деңгейін төмендеу жағына өзгертті. Архив ісі және құжаттандыру саласындағы мемлекеттік реттеуді заңнамаға сәйкес уәкілетті органы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдар деңгейінде архив саласын басқарудың бірыңғай құрылымы жоқ, бұл архив ісінің жай-күйіне теріс әсер етеді.

Архив ісін басқару мәселелерімен 12 өңірде мәдениет, 3 өңірде ақпараттандыру, 2 өңірде тілдерді дамыту басқармасы айналысады.

АРХИВТЕРДІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 219 мемлекеттік архив мекемесі жұмыс істейді:

- 5 республикалық,
- 214 облыс, қала және аудандық



Тәуелсіздік жылдары республикада қазіргі заманғы жабдықтармен жабдықталған, құжаттық көздерді сақтау жағдайларын қамтамасыз ететін мамандандырылған 5 ғимарат салынды: Ұлттық архив, Алматы, Шымкент қалалық архивтері, Алматы және Қызылорда облыстарының мемлекеттік архивтері. Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарының негізгі ғимараттарына жапсарлас құрылыс жұмыстары жүргізілді. Түркістан (Оңтүстік Қазақстан) облысының әкімдігі архив ғимаратының құрылысына қаражат бөлді.

Қазақстанның архив қоймаларының бос алаңдарының резервімен қанағаттанарлықсыз жағдай мемлекеттік сақтауға істердің түсу көлемін айтарлықтай төмендетті. Егер 1991-2000 жж. жалпы архив қорының өсуі 110,6 %, 2000-2010 жж. – 41,9% құраса, 2010-2015 жж. тек – 9,5 %, 2016-2018 жж. – 5,4% құрады.

САЛАНЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес архив саласының алдында процестерді автоматтандыру міндеті тұр



МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ


2018 жылы электронды құжаттардың ұзақ уақыт сақталуын, оларды пайдаланудың, әкімшілендірудің және бақылаудың автоматтандырылуын қамтамасыз ететін «Электрондық құжаттардың бірыңғай архиві» ақпараттық жүйесін («Е-архив») енгізу бойынша жұмысты бастады

Осы мақсатта республиканың мемлекеттік архивтері құжаттарды цифрландыруды жүзеге асырылуда. Мемлекеттік сақтаудағы құжаттардың жалпы санынан сандық форматқа тек 3 % (700 мың сақтау бірлігі) ауыстырылды. Цифрланған құжаттардың төмен пайызы арнайы жабдықтардың, әдістемелік ұсынымдардың, **бағдарламалық қамтамасыз етудің жоқтығына, штаттардың, оның ішінде білікті IT-мамандардың жоқтығына байланысты.**

Құжаттық мұраны цифрлау процесін жеделдету үшін электрондық көшірмелерді кейіннен веб-порталдарда орналастыра отырып, оларға еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін архивтік құжаттардың сапалы және жоғары жылдамдықпен цифрландырылуын қамтамасыз ететін жоғары жылдамдықты планетарлық сканерлерді (A0, A1, A2 форматтары) алу қажет

«Электронды құжаттардың бірыңғай архиві» ақпараттық жүйесі («Е-архив»)

1. Құжаттар жиынтығын тіркеу:
 - Құжаттар жиынтығының карточкасын жасау
 - Штрих коды бар жапсырманы немесе бөлгіш парақты әр құжатқа басып шығару
2. Тіркелген құжаттардың жиынтығын ағынды сканерлеу
3. Құжатты тану:
 - Штрих-кодтарды тану
 - Толық мәтінді тану
 - Деректерді тану.
4. Құжаттарды архивтеу:
 - Файлдарды сақтау қоймасына жүктеу, тиісті карточкаларда файлдарға сілтеме жасау
 - Танылған деректерді жүктеу, танылған деректерді автоматты түрде өңдеу



САҚТАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Аса құнды құжаттардың көшірмелерінің сақтандыру қорларын сақтау орталығының, оларды жасау бойынша жабдықтардың болмауына байланысты мемлекеттік архивтер сақтандыру қорын құру бөлігінде заңнаманы бұзады. Сақтандыру қоры тарихи құжаттардың түпнұсқаларын сақтау үшін қажет.

—
Бұл жағдайдан шығудың жолы – сақтандыру микроформаларын өндіру және сақтау үшін өңірлік микрография орталықтарын құру болып табылады.

—
«Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, құжаттарды реставрациялау бойынша жабдықтардың, архив қоймаларында оңтайлы температуралық-ылғалдық режимді жасауға арналған жабдықтардың, автоматты өрт сөндіру құралдарының болмауына байланысты құжаттарды сақтау технологиясының талаптары орындалмайды, бұл елдің тарихи-мәдени мұрасы болып табылатын архив құжаттарының қайтарымсыз жоғалуына әкеп соғуы мүмкін

АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ



4

БӨЛІМ

1

Ақпараттық технологиялар бөлімдері

2

Репрография саласындағы жаңа мамандардың пайда болуы

3

Архивтік экономика

4

Реставрациялау жұмыстары

Құрылымдағы өзгерістерді, жаңа құрылымдық бірліктерді құруды ескере отырып, архив мекемелерінің штат санын арттыру қажет –

Архив ісі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында 17 келісімге, меморандумдарға, соның ішінде АҚШ Холокост мемориалды музейімен, Әзірбайжан, Армения, Белоруссия, Египет, Иран, Қытай, Литва, Моңғолия, Польша, Ресей, Түркия, Украина, Финляндия, Эстония және т. б. мемлекеттік органдарымен қол қойылды.

Жасалған шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің архивтері мен ғылыми мекемелерінде Қазақстан үшін тарихи және мәдени құндылығы бар 37 мың деректі архив көздері айқындалды. Оның ішінде 6400 құнды тарихи құжат көздерінің көшірмелері ғана сатып алынды. Осыған байланысты Бағдарламада анықталған дерек көздерін сатып алуға қаржы бөлуді қарастыру қажет

МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВТЕР ҰСЫНАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ ЖӘНЕ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІГІ

1

Жеке және заңды тұлғалардың архивтік дереккөздеріне деген сұранысы көрсетілген мемлекеттік қызметтердің, тақырыптық және генеалогиялық сұраныстардың, сондай-ақ зерттеушілер мен өткізілген ақпараттық іс-шаралар (*көрмелер, конференциялар, басылымдар, теле- және радио бағдарламалар*) санының артқанын көрсетеді. Мемлекеттік архив мекемелері жыл сайын 400 мыңнан астам мемлекеттік қызметтерді көрсетеді, зерттеушілерге 1 млн. астам іс беріледі, БАҚ беттерінде 1000-нан астам мақалалар жарияланады, 300-ден астам теле- және радиохабарлар таратылады, 20-ға жуық архивтік құжаттар мен анықтамалық жинақтар шығарылып, 900-ге жуық фотоқұжаттық көрмелері ұйымдастырылады.

2

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде 2015 жылдың 19-21 наурызында Қазақстан делегациясы Түркия Республикасының Орталық архивінің Бас басқармасы ұйымдастырған «Бірінші дүниежүзілік соғыстың 100 жылдығына арналған құжаттар» атты халықаралық іс-шараға қатысты. Бұл халықаралық іс-шараны Түркия Республикасының Президенті Р.Т. Эрдоган ашты. Іс-шараға әлемнің 70 елінен - **Австралия, Болгария, Индонезия, Үндістан, Нигерия, Солтүстік Африка, Эстония** елдерінен Ұлттық және мемлекеттік архивтердің директорлары мен өкілдері қатысты.

Уәкілетті орган Мемлекеттік бағдарламаның үйлестірушісі ретінде мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:



- Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті нормативтік-құқықтық актілерді әзірлейді;
- Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-қаржылық жоспарын әзірлейді;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру барысы туралы статистикалық, анықтамалық және талдамалық ақпарат береді;
- Мемлекеттік бағдарлама іс-шараларының орындалуына мониторинг жүргізу үшін нысаналы көрсеткіштер мен индикаторлар тізбесін құрастырады;
- Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру құралдарын тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік бағдарлама іс-шараларын қалыптастыру тетіктері:

- Отандық және шетелдік архивтердегі архивтік құжаттарды айқындау бойынша ғылыми зерттеулерді талдау, дәлдеу;
- **Архив ісі мен және құжаттану саласындағы нормативтік-құқықтық және әдістемелік базаны** әзірлеу, талдау, жетілдіру;
- Архивистерді дайындау жүйесін жетілдіру, архивист **кәсібінің** мәртебесін артыру;
- Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде іс-шараларды жүзеге асыру бойынша ведомствоаралық үйлестіру және барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың және ғылыми қоғамдастықтың өзара байланысы.



КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

■ архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы нормативтік - құқықтық және әдістемелік базаны жетілдіру;

■ сақтандыру микроформаларын өндіру және сақтау бойынша аймақтық микрография орталықтарын құру;

■ архив мекемелерінің инфрақұрылымын жақсарту (ел өңірлерінде архивтердің типтік мамандандырылған ғимараттарын салу, қолда бар объектілерге күрделі жөндеу жүргізу);

■ архивтердің материалдық-техникалық базасын нығайту (компьютерлерді жаңарту, архивтік құжаттарды цифрлау үшін сканерлер, принтерлер, жабдықтар сатып алу);

■ отандық және шетелдік архивтерде архив құжаттарын айқындау бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу;

■ үнжазбаларды қалыпқа келтіру және сандық форматқа аудару (ауызша кәсіби дәстүрді музыканттарының-орындаушылардың фольклорын, Ұлы даланың әуендерін);

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ

Ұлттық архив қорын толықтыру және сақтау жөніндегі міндеттер мен тәсілдерді іске асыру келесі кезеңдерде жүзеге асырылады:

2019 жылдан бастап

2022 жылға дейін

2023 жылдан бастап

2025 жылға дейін

70 БАП

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабы мемлекеттік архивтерге тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаға иелік ету құқығын беру бөлігінде толықтырылды.

АРХИВ - 2025

Архив саласының нормативтік-құқықтық базасына өзгерістер енгізілгеннен кейін, сондай-ақ «Архив-2025» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуына байланысты «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен нақтылаулар енгізу қажет болуы мүмкін



17 БАП

17 бапта ақылы қызметтерді көрсету ережесіне сәйкес ақылы қызметтерді көрсету туралы



Заңмен сондай-ақ мемлекеттік архивтермен көрсетілетін ақылы қызмет түрлері бекітілген (тақырыптық, генеалогиялық сұраныстарды орындау, архивтік құжаттарды реттеу, депозитарлық сақтау және т.б.)

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!